

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
тұлға мемлекеттік тіркеуден қайта өткізілді  
№ 20-1411-00000011 куәлік  
Алғашқы тіркелген күні ж. « 11 » 01  
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
при извещена государственная перерегистрация  
юридического лица « 11 » 01  
видетельство № 20-1411-01-00000011  
в государственной регистрации « 11 » 01

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
ҚҰРЫЛТАЙ ҚОЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МӘН  
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛГЕН  
№ 16 ж. « 16 » 04 БҰҒЫРЫ  
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
«ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ  
В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ  
16 ПРИКАЗ № 04 11 2026»

«PARYZ» Қазақстан Республикасы  
Жұмыс берушілер (кәсіпкерлер)  
Ұлттық Конфедерациясы  
Заңды Тұлғалардың Бірлестігі мүшелерінің  
Қатысушыларының жыл сайынғы Съезімен  
«БЕКІТІЛДІ»  
2026 жылғы 13 наурыздағы № 1 хаттама

ПРЕЗИДИУМ ТӨРАҒАСЫ  
Ж.Е. ЖАНЫҚҰЛОВ



# «PARYZ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР (КӘСІПКЕРЛЕР) ҰЛТТЫҚ КОНФЕДЕРАЦИЯСЫ» ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР БІРЛЕСТІГІНІҢ ЖАРҒЫСЫ

Қазақстан Республикасы  
Алматы қ., 2026 жылы

## I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «PARYZ» Қазақстан Республикасы Жұмыс берушілердің (кәсіпкерлердің) Ұлттық Конфедерациясы» Заңды Тұлғалардың бірлестігі (бұдан әрі – Конфедерация) осы Жарғыда (бұдан әрі – Жарғы) белгіленген мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін ерікті негізде құрылған жұмыс берушілер (кәсіпкерлер) бірлестігі болып табылады.

1.2. Конфедерация өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңына және өзге де нормативтік құқықтық актілерге және осы Жарғыға (бұдан әрі – Жарғы) сәйкес жүзеге асырады.

1.3. Конфедерация шексіз қызмет ету мерзіміне құрылды.

1.4. Осы Жарғының ережелері Қауымдастықтың өзі және оның мүшелері (бұдан әрі – Қатысушылар) үшін міндетті.

1.5. Қауымдастықтың ресми атауы:

Толық аты:

Қысқаша атау:

<p><b>мемлекеттік тілде:</b> «PARYZ» Қазақстан Республикасы Жұмыс берушілер (кәсіпкерлер) Ұлттық Конфедерациясы» Заңды Тұлғалардың Бірлестігі</p> <p><b>орыс тілінде:</b> Объединение юридических лиц «Национальная Конфедерация работодателей (предпринимателей) Республики Казахстан «PARYZ»</p> <p><b>ағылшын тілінде:</b> «National Confederation of Employers (entrepreneurs) of the Republic of Kazakhstan «PARYZ» Association of Legal Entities</p>	<p><b>мемлекеттік тілде:</b> «PARYZ» Жұмыс берушілер Ұлттық Конфедерациясы</p> <p><b>орыс тілінде:</b> Национальная Конфедерация работодателей «PARYZ»</p> <p><b>ағылшын тілінде:</b> National Confederation of Employers «PARYZ»</p>
--	---

1.6. Қауымдастықтың заңды мекенжайы: 050040, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 77/8 үй, н.б. 7; 2-қабат.

1.7. Қауымдастық белгіленген тәртіппен тіркелгеннен кейін өз атауын пайдалануға айрықша құқыққа ие.

## II. ҚОНФЕДЕРАЦИЯНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Конфедерация Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, жеке мүлкі, дербес балансы, өзінің атауы көрсетілген мөрі, фирмалық бланкілері бар, теңгемен де, шетел валютасында да кез келген қаржы-кредиттік мекемелерінде шоттар аша алады, өз атынан шарттар жасасуға, құқықтар мен міндеттемелерді алуға, сотта талапкер және жауапкер ретінде қатысуға бола алады.

2.2. Конфедерация заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлғаның әрекет қабілеттілігіне ие болады.

2.3. Конфедерация өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде пайда табуды көздемейді және алынған табысты Қатысушылар арасында бөлмейді.

2.4. Конфедерация өз Қатысушыларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді, егер Қазақстан Республикасының заңдарында және құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе. Қатысушылар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.

2.5. Конфедерация мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Мемлекет Қауымдастықтың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

2.6. Қатысушылар өздерінің тәуелсіздігін және құқықтарын сақтайды.

2.7. Конфедерация өз қызметін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жүзеге асырады, сондай-ақ Қазақстан жұмыс берушілерін (кәсіпкерлерін) шетелде танытады.

2.8. Конфедерация Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде филиалдар мен өкілдіктер құруға, басқа заңды тұлғаларды құруға, бірлестіктер мен одақтарға кіруге, сондай-ақ олардың қызметіне қатысуға құқылы.

2.9. Конфедерация өзінің жарғылық мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін бөлігінде ғана кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыруға құқылы.

2.10. Конфедерацияның кәсіпкерлік қызметінен түскен кірістер жарғылық мақсаттарға бағытталады және құрылтайшылар мен Қатысушылар арасында бөлінбейді.

2.11. Конфедерация өз жұмысын жұмыс берушілер қауымдастықтарымен (одақтарымен), кәсіптік одақтармен және олардың бірлестіктерімен, мемлекеттік билік органдарымен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, басқа да мемлекеттік органдар мен мекемелермен, халықаралық ұйымдармен және өзге де заңды тұлғалармен тығыз өзара іс-қимыл жасай отырып ұйымдастырады, сондай-ақ өз қызметін Конфедерацияға кіру және шығудың еріктілігі, Қатысушыларының тең құқықтылығы, өзін-өзі басқару, заңдылық және ашықтық қағидаттарына негізделі отырып жүзеге асырады.

### III. ҚОНФЕДЕРАЦИЯНЫҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТТАРЫ

3.1. Конфедерация Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз қызметінің нысанын, мақсаттарын, міндеттерін, түрлері мен бағыттарын дербес айқындайды.

3.2. Конфедерацияның қызметінің нысаны Қатысушылардың келісілген саясатын жүргізу, олардың мүдделерін білдіру және әлеуметтік, еңбек, экономикалық және жұмыс берушілердің (кәсіпкерлердің) мүдделеріне әсер ететін басқа да мәселелер бойынша құқықтарын қорғау болып табылады.

3.3. Конфедерация Қатысушылардың қызметін үйлестіру, олардың күш-жігерін қолайлы іскерлік климат қалыптастыруға, бизнесті жүргізуге қолайлы жағдайлар жасауға, әлеуметтік әріптестікті дамытуға, сондай-ақ ортақ мүдделерін білдіру мен қорғауға бағыттау мақсатында құрылған.

Конфедерацияның басқарушы органы өз шешімімен Конфедерацияның жарғылық қызметінің бағыттарына сәйкес келетін басқа да мақсаттарды айқындай алады.

3.4. Конфедерацияның міндеттері:

1) әлеуметтік әріптестіктің тиімді жүйесін дамытуға жәрдемдесу, екіжақты және үшжақты келіссөздерді ұйымдастыру, әлеуметтік әріптестік келісімдерін (бұдан әрі – Келісімдер) және еңбек қатынастарын, сондай-ақ еңбек қатынастарына тікелей байланысты өзге де қатынастар мен әлеуметтік-экономикалық қатынастарды реттейтін басқа да құжаттарды дайындау және жасасу;

2) Конфедерация Қатысушыларының құқықтары мен мүдделерін мемлекеттік билік органдарымен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, өзге де мемлекеттік органдармен және мекемелермен, Қазақстан Республикасының резиденттері мен

бейрезиденттері болып табылатын коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдармен өзара қатынастарда білдіру, ілгерілету және қорғау;

3) еңбек және әлеуметтік-экономикалық қатынастар саласында халықаралық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу, халықаралық ұйымдармен және жұмыс берушілер бірлестіктерімен байланыстар орнату және нығайту, Қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған халықаралық форумдарға, келіссөздерге және жобаларға қатысу, олардың ұстанымдарын халықаралық деңгейде ілгерілету, сондай-ақ халықаралық бағдарламалар мен бастамаларды іске асыру, оның ішінде гранттық бағдарламаларға, бірлескен зерттеулерге, тәжірибе алмасу және оқыту бағдарламаларына қатысу;

4) мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында және өзге де жоспарлау құжаттарында көзделген мемлекеттік саясат пен шараларды қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

5) Конфедерацияның қызметі және оның ұстанымы туралы халықаралық, республикалық және өңірлік деңгейлерде қоғамды және іскерлік қауымдастықты ақпараттандыру, әлеуметтік әріптестік институттарына деген сенімді нығайтуға және әлеуметтік-еңбек қатынастарын жүргізу мәдениетін арттыруға бағытталған;

6) Конфедерацияның және оның Қатысушыларының институционалдық және ұйымдастырушылық әлеуетін жетілдіру, оның ішінде еңбек және әлеуметтік-экономикалық қатынастар саласында инновациялық және цифрлық шешімдерді әзірлеуге, дамытуға және енгізуге қатысу;

7) жаңа Қатысушыларды тарту және Конфедерацияның өкілдігін кеңейту, оның ішінде жұмыс берушілердің қатысуын арттыруға және бизнес-қоғамдастықты дамытуға бағытталған іс-шараларды өткізу.

### 3.5. Конфедерация келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) республикалық, салалық және өңірлік әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі үшжақты комиссиялардың жұмысына қатысады, сондай-ақ аталған комиссиялардың құрамындағы өз өкілдерінің қызметін үйлестіреді;

2) мемлекеттік билік органдарымен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, басқа да мемлекеттік органдар мен мекемелермен, қоғамдық ұйымдармен және қозғалыстармен, халықаралық үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдармен, сондай-ақ шетелдік және халықаралық жұмыс берушілер бірлестіктерімен және басқа да ұйымдармен ынтымақтастық жасайды;

3) өз Қатысушыларына еңбек қатынастарын және онымен тікелей байланысты әлеуметтік-экономикалық қатынастарды реттеу мәселелері бойынша консультациялар мен қызметтер көрсетеді, ақпарат ұсынады, Қатысушылар арасында байланыс орнатып, оны қолдайды;

4) заңдар мен өзге де құқықтық актілердің, сондай-ақ жұмыс берушілердің (кәсіпкерлердің) құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделеріне қатысты басқа да актілердің жобаларын әзірлеуге, қарауға және (немесе) талқылауға қатысады, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілердің, құқықтық актілердің, соның ішінде мемлекеттік жоспарлау жүйесіне қатысты құжаттардың, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қосылуды жоспарлап отырған және кәсіпкерлік мүдделерін қозғайтын халықаралық шарттардың жобаларына сараптамалық қорытындылар береді;

5) құжаттарға, оның ішінде мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына және өзге де жоспарлау құжаттарына сараптама жүргізеді, қажет болған жағдайда мамандар тартады, жұмыс топтарын құрады;

6) жұмыс берушілердің (кәсіпкерлердің) проблемалық мәселелерін шешуге жәрдемдеседі;

7) Конфедерациямен жасалған Келісімдердің орындалуын, сондай-ақ бұл Келісімдердің Қатысушылармен, басқа тараптармен, бұдан бөлек, Конфедерацияны өз

атынан осы Келісімдерді жасасуға уәкілеттендірген, бірақ Қатысушылар болып табылмайтын жұмыс берушілермен (кәсіпкерлермен) орындалуын бақылау және мониторинг жүргізеді;

8) Қатысушыларға, сондай-ақ өзге де бизнес өкілдеріне консультациялық қызметтер көрсетеді, зерттеулер жүргізеді, әлеуметтік және экономикалық мәселелер бойынша ақпарат жинауды жүзеге асырады, қажет болған жағдайда бұл мақсатта халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;

9) Жұмыс берушілердің (кәсіпкерлердің) қызметін ұйымдастыру және жүргізудің озық әдістері туралы ақпарат алмасуды және оны таратуға ықпал етеді, жинақталған тәжірибені Қатысушылар арасында бөліседі, соның ішінде экономикалық және әлеуметтік прогреске, әлеуметтік әріптестікті нығайтуға бағытталған халықаралық нормалар мен ережелерді ілгерілетеді;

10) Республикалық, салалық және өңірлік деңгейлерде әлеуметтік-еңбек және онымен байланысты экономикалық қатынастарды реттейтін Келісімдерді әзірлеу бойынша жұмыс берушілер мен олардың бірлестіктері атынан келіссөздер жүргізеді және осы Келісімдерді жасасады;

11) Қатысушылардың және (немесе) Конфедерацияны уәкілеттендірген жұмыс берушілердің (кәсіпкерлердің) атынан ұжымдық шарттарды әзірлеуге қатысады және келіссөздер жүргізеді;

12) Қатысушылардың және (немесе) Конфедерацияны уәкілеттендірген жұмыс берушілердің атынан жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісу комиссиясына, ұжымдық еңбек дауларын қарау жөніндегі татуластыру комиссиясы мен еңбек төрелігінің құрамында қызметке қатысады;

13) Қатысушылар арасында іскерлік және сенімді қарым-қатынастарды нығайту жөнінде іс-шаралар өткізеді, тақырыптық конференциялар, көрмелер, семинарлар және басқа да іс-шараларды ұйымдастырады, Конфедерация Қатысушылары болып табылатын кәсіпорындардың басшылары мен басқа да мамандарының кәсіби біліктілігін арттыруға жәрдемдеседі;

14) Конфедерацияның, Қатысушылардың және жұмыс берушілердің (кәсіпкерлердің) құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін бұзатын немесе бұзылу қаупін тудыратын мемлекеттік билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, басқа да мемлекеттік органдар мен мекемелердің кез келген актілерін, шешімдерін және (немесе) әрекеттерін (әрекетсіздігін) өз атынан даулайды;

15) кәсіптік біліктілік жүйесін құруға және дамытуға, қызметкерлердің біліктілігін тәуелсіз бағалау жүйесін қалыптастыруға, кәсіптік стандарттар жобаларын әзірлеуге және сараптамадан өткізуге қатысады;

16) Қатысушылар болып табылмайтын жұмыс берушілерді әлеуметтік әріптестікке, Келісімдерді әзірлеу, талқылау және жасасу жөніндегі ұжымдық келіссөздерге қатысуға шақырады;

17) жеке және бірлескен қорлар құрады, Конфедерацияның әлеуметтік бағдарламаларын қаржыландырады, оның материалдық-техникалық және әлеуметтік-мәдени базасын дамытады, бұқаралық ақпарат құралдарын құрады, баспа қызметімен айналысады;

18) контрагенттермен шарттар жасасады, өз міндеттемелерін және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да қатынастар шарттарын орындайды;

19) әлеуметтік, экономикалық және еңбек бастамаларын ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі қызметті жүзеге асырады, оның ішінде талдамалық материалдар дайындау, зерттеулер жүргізу, ақпараттық өнімдер жасау және жұртшылықпен коммуникацияны қамтамасыз ету;

20) жұмыс берушілердің әлеуетін нығайтуға және әлеуметтік әріптестік институттарын дамытуға бағытталған ұйымдастырушылық, сараптамалық, ақпараттық,

білім беру және өзге де сипаттағы жобалар мен бағдарламаларды ұйымдастыруға және іске асыруға қатысады;

21) жұмыс берушілерді қолдауға және Конфедерацияның ішкі процестерін қамтамасыз етуге арналған цифрлық шешімдерді, IT-платформаларды, ақпараттық жүйелер мен сервистерді әзірлеуге, енгізуге және пайдалануға қатысады;

22) Конфедерацияның мақсаттары мен міндеттерін орындау үшін сарапшыларды, консультанттарды, талдаушыларды, мамандарды тартады;

23) Конфедерацияның имиджін, брендін мен беделін дамыту жөніндегі қызметті жүзеге асырады, оның ішінде коммуникациялық науқандарды, медиа жобаларды және ілгерілетуге бағытталған іс-шараларды қамтиды;

24) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін және Конфедерацияның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асырады.

#### **IV. КОНФЕДЕРАЦИЯНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

4.1. Конфедерация Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық құқықтарға ие және мыналарға құқылы:

1) Жұмыс берушілердің (кәсіпкерлердің) мүдделеріне қатысты мәселелер бойынша, сондай-ақ бизнес жүргізуге қолайлы жағдай жасау және Қатысушылардың жүйелі проблемалық мәселелерін шешуге жәрдемдесу мақсатында мемлекеттік билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, басқа да мемлекеттік органдар мен мекемелердің жанынан құрылатын кез келген диалог алаңдары мен консультативтік-кеңесші органдарға, соның ішінде қоғамдық және сараптамалық кеңестерге, тұрақты және уақытша жұмыс топтарына, комиссияларға қатысу;

2) Республикалық, салалық және өңірлік деңгейлерде Келісімдерді әзірлеу, жасасу және өзгерту бойынша келіссөздер жүргізу бастамасын көтеру, сондай-ақ әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі тиісті үшжақты комиссияларды қалыптастыру және олардың қызметін жүзеге асыруға қатысу;

3) Конфедерация Қатысушыларының және (немесе) Конфедерацияны уәкілеттендірген жұмыс берушілердің (кәсіпкерлердің) атынан ұжымдық келіссөздер жүргізу және ұжымдық шарттарды әзірлеуге қатысу;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұжымдық еңбек дауларын қарау және шешу жөніндегі келісу және (немесе) татуластыру комиссияларының, еңбек төрелігінің қызметіне қатысу үшін Конфедерация өкілдерін уәкілеттендіру;

5) Жұмыс берушілердің (кәсіпкерлердің) құқықтары мен мүдделеріне қатысты мәселелер бойынша заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерге, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына, нормативтік техникалық құжаттарға, стандарттау құжаттарына және басқа да құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде тиісті органдарға ұсыныстар енгізу, сондай-ақ оларды қарауға қатысу;

6) әлеуметтік-еңбек қатынастары және еңбек көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға, сондай-ақ олармен байланысты экономикалық қатынастарға қатысу;

7) Кәсіптік одақтармен және олардың бірлестіктерімен, мемлекеттік билік органдарымен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, басқа да мемлекеттік органдар мен мекемелермен консультациялар (келіссөздер) жүргізу;

8) Кәсіптік одақтар мен олардың бірлестіктерінен, мемлекеттік билік органдарынан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, басқа да мемлекеттік органдар мен мекемелерден ұжымдық және әлеуметтік келіссөздер жүргізу, ұжымдық шарттар

мен Келісімдерді әзірлеу, жасасу және өзгерту, сондай-ақ олардың орындалуын бақылау мақсатында әлеуметтік-еңбек мәселелері бойынша қолда бар ақпаратты сұрату;

9) экономиканың білікті кадрларға қажеттілігін мониторингтеуге және болжауға, сондай-ақ орта кәсіптік және жоғары білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыруға, оның ішінде мемлекеттік білім беру стандарттарын әзірлеуге, кәсіптер, мамандықтар және даярлау бағыттары тізбелерін қалыптастыруға, кәсіптік білім беру ұйымдары мен жоғары оқу орындарының білім беру қызметін мемлекеттік аккредитациялауға қатысу;

10) Қазақстан Республикасындағы кәсіптік біліктілік жүйесін дамытуға, қызметкерлердің біліктілігін тәуелсіз бағалау жүйесін қалыптастыруға, кәсіптік стандарттар жобаларын әзірлеуге және сараптамадан өткізуге қатысу;

11) Қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, сондай-ақ олардың өкілі ретінде мемлекеттік билік органдарымен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, басқа да мемлекеттік органдар мен мекемелермен, заңды және жеке тұлғалармен өзара қатынастарда өкілдік ету, соның ішінде дауларды сотта, сотқа дейінгі және төрелік қарау рәсімдерінде шешуге қатысу;

12) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, басқа да мемлекеттік органдар мен мекемелердің, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды тұлғалардың және мемлекеттік қызметшілердің шешімдері мен әрекеттерін (әрекетсіздігін) даулау;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, мемлекеттік құпияларды, коммерциялық және заңмен қорғалатын басқа да құпияларды құрайтын мәліметтерден басқа, Қазақстан Республикасының заңдарымен Конфедерацияға жүктелген функцияларды орындау үшін қажетті ақпаратты мемлекеттік билік органдарынан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, басқа да мемлекеттік органдар мен мекемелерден сұрату;

14) халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру, соның ішінде халықаралық ұйымдармен және жұмыс берушілер бірлестіктерімен өзара іс-қимыл жасау, халықаралық келіссөздерге, форумдарға, конференцияларға және басқа да іс-шараларға қатысу, Қазақстан Республикасының жұмыс берушілерінің мүдделерін халықаралық аренада білдіру, халықаралық келісімдер жасасу, халықаралық стандарттарды енгізу, сондай-ақ бірлескен жобалар мен бастамаларды іске асыру;

15) қаржыландыруды, гранттарды, қайырымдылықтарды, демеушілік көмекті, мақсатты жарналарды және заңнамада тыйым салынбаған өзге де түсімдерді тарту және оларды Конфедерацияның мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін пайдалану;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда және Конфедерацияның ішкі құжаттарында, соның ішінде регламенттерінде, стандарттарында және ережелерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

#### 4.2. Қауымдастық міндетті:

1) Конфедерацияның міндеттемелеріне қатысты бөлігінде жасалған Келісімдерді орындау;

2) Қатысушылардың сұрауы бойынша Конфедерация жасасқан Келісімдер туралы ақпарат беру;

3) Келісімдер мен ұжымдық шарттарды дайындау, жасасу және өзгерту, сондай-ақ олардың орындалуын бақылау мақсатында ұжымдық және әлеуметтік келіссөздер жүргізу үшін қажетті, Конфедерацияда бар әлеуметтік-еңбек мәселелері бойынша ақпаратты кәсіптік одақтар мен олардың бірлестіктерінің, мемлекеттік билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, басқа да мемлекеттік органдар мен мекемелердің сұрауы бойынша ұсыну;

4) Конфедерация жасасқан және әлеуметтік-еңбек қатынастары мен онымен байланысты экономикалық қатынастарды реттейтін Келісімдерді Қатысушылардың орындауын мониторингтеу;

5) Қатысушылардың Келісімдерде және Конфедерация Қатысушылары болып табылатын жұмыс берушілер жасасқан ұжымдық шарттарда көзделген міндеттемелерді орындауына жәрдемдесу;

6) Конфедерацияға кіретін жұмыс берушілер (кәсіпкерлер) туралы, оның ішінде олардың жүзеге асыратын экономикалық қызмет түрлері туралы, сондай-ақ жұмыс берушілер бірлестіктері мен өзге де коммерциялық емес ұйымдар туралы мәліметтерді қамтитын Қатысушылар тізілімін жүргізу; коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия ақпаратты қоспағанда, Қатысушылар тізілімінде қамтылған мәліметтерді жұмыс берушілер қауымдастығының мүшелеріне ұсыну;

7) Қатысушылар арасында еңбек қатынастарын реттеу және онымен тікелей байланысты басқа да әлеуметтік-экономикалық қатынастар мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

8) Қатысушыларды қаражаттың түсуі мен жұмсалуды туралы ақпараттандыру;

9) өз қызметін ашық ақпарат көздерінде жариялау;

10) Конфедерация қаражатының Жарғыға және ішкі құжаттарға сәйкес мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз ету;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Жарғыны, ішкі құжаттарды, соның ішінде Конфедерацияның ережелерін, қағидаларын, регламенттерін және стандарттарын сақтау.

4.3. Конфедерация өз міндеттемелерін бұзғаны немесе орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапты болады.

4.4. Конфедерация өз Қатысушыларының, оның ішінде олардың жасасқан Келісімдерде, шарттарда көзделген міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

## V. КОНФЕДЕРАЦИЯНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

5.1. Конфедерацияның басқару органдарының құрылымы, құрылу тәртібі мен өкілеттік мерзімі, олардың шешімдер қабылдау тәртібі осы Жарғымен белгіленеді.

5.2. Конфедерацияның басқару органдары:

**Жоғары басқару органы:**

- Конфедерация Қатысушыларының съезі (бұдан әрі – Съезд);

**Басқарушы орган:**

- Конфедерация Президиумы (бұдан әрі – Президиум);

**Атқарушы орган:**

- Конфедерация Басқармасы (бұдан әрі – Басқарма);

**Бақылаушы орган:**

- Конфедерацияның Тексеру комиссиясы (бұдан әрі – Тексеру комиссиясы).

5.3. **Съезд:**

5.3.1. Съездер жыл сайынғы және кезектен тыс болып бөлінеді.

5.3.2. Жыл сайынғы Съезд Конфедерация Президиумының шешімімен жылына кемінде бір рет шақырылады.

Жыл сайынғы Съезд қаржылық жыл аяқталғаннан кейін үш ай ішінде өткізілуі тиіс. Егер есептік кезең үшін Конфедерацияның аудитін аяқтау мүмкін болмаса, көрсетілген мерзім екі айға ұзартылған болып саналады.

Жыл сайынғы Съездді дайындау және өткізу Басқарма Төрағасы арқылы жүзеге асырылады.

5.3.3. Кезектен тыс Съезді шақыруға бастамашы бола алады:

1) Президиум Төрағасы;

- 2) Басқарма Төрағасы;
- 3) Тексеру комиссиясы;
- 4) Таратушы комиссия;
- 5) Қатысушылардың үштен бірі.

Кезектен тыс Съезді дайындау және өткізу Съезді шақыруға бастамашы болған тұлғаның жауапкершілігінде болады.

Қатысушылардың үштен бір бөлігінің бастамасы бойынша кезектен тыс Съезді дайындау және өткізу Қатысушылардың үштен бір бөлігінің тиісті шешімі негізінде Басқарма Төрағасы арқылы жүзеге асырылады.

5.3.4. Съезд жеке, оның ішінде бейнеконференцбайланыс арқылы өткізіледі.

5.3.5. Съездің төрағасы Президиум төрағасы болып табылады. Егер Президиум Төрағасы қатыспаса, оның Съездегі төрағалық ету функциялары Президиум құрамындағы қатысушылардың бірін Президиум тағайындаған тұлғаға өтеді. Тағайындау туралы шешім Съезд шақырылар алдында Президиум отырысында қабылданады.

5.3.6. Съездің хаттамасын Съезд сайлайтын Съездің Хатшылығы қамтамасыз етеді.

Хаттамалар Басқарма Офисінде сақталады және тиісті сұрау алынған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде Қатысушылардың сұрауы бойынша ұсынылады.

5.3.7. Съездің (жыл сайынғы немесе кезектен тыс) өткізілуі туралы және оның күн тәртібінің болжамды жобасы туралы хабарлама Конфедерацияның ресми сайтында жарияланады және Қатысушыларға олар ұсынған байланыс мекенжайларына (электрондық пошта, пошталық мекенжай, байланыс телефоны) жеткізілуін қамтамасыз ететін байланыс құралдарын пайдалана отырып жіберіледі. Съезде қаралуы жоспарланған материалдар хабарламаға қоса Қатысушыларға жіберіледі немесе Президиум шешімімен белгіленген өзге мерзімдерде ұсынылады.

Жыл сайынғы Съезд үшін хабарлама оның өткізілетін күнінен кемінде 20 жұмыс күні бұрын жіберілуі тиіс.

Кезектен тыс Съезд үшін хабарлама оның өткізілетін күнінен кемінде 10 жұмыс күні бұрын жіберілуі тиіс.

Хабарлама Қатысушы тіркеу кезінде көрсеткен кез келген байланыс мекенжайына жіберілген жағдайда жеткізілген болып есептеледі.

5.3.8. Съезд отырысының күн тәртібі Съездің бастамашысымен қалыптастырылады және Президиумның бекітуіне ұсынылады.

5.3.9. Жарияланған Съезд отырысының күн тәртібіне өзгерістер мен толықтырулар Президиум мүшелері тарапынан Съезд өткізілетін күнге дейін кемінде 2 жұмыс күні бұрын енгізілуі мүмкін.

5.3.10. Съезді өткізу үшін кворум

5.3.10.1. Жыл сайынғы Съезд:

Егер оған Қатысушылардың жалпы санының кемінде жартысы қатысса, ол заңды болып есептеледі.

Егер кворум болмаса, 10 жұмыс күнінен кейін қайталама отырыс өткізіледі. Қайталама отырыста кворум Қатысушылардың жалпы санының үштен біріне дейін төмендетіледі.

5.3.10.2. Кезектен тыс Съезд:

Егер оған Қатысушылардың жалпы санының кемінде үштен бірі қатысса, ол заңды болып есептеледі.

Егер кворум болмаса, 10 жұмыс күнінен кейін қайталама отырыс өткізіледі, кворум талаптары өзгеріссіз қалады.

5.3.11. Съезде Қатысушылар тең құқыққа ие, әрбір Қатысушының бір даусы бар.

5.3.12. Съезд шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және қатысушы Қатысушылардың көпшілік даусымен бекітіледі. Дауыстар тең болған жағдайда, Съезд Төрағасы дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі.

**5.3.13. Съездің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:**

- 1) Конфедерацияның Жарғысын бекіту, Жарғыға және өзге де құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 2) Конфедерацияны қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау, таратушыны немесе тарату комиссиясын тағайындау;
- 3) Конфедерацияның басқару органдарының құзыретін, ұйымдастырушылық құрылымын, қалыптастыру және өкілеттіліктерін тоқтату тәртібін анықтау;
- 4) Басқармасының қаржылық есептілікті ұсыну тәртібі мен мерзімділігін, сондай-ақ Тексеру комиссиясы жүргізетін тексерулердің тәртібі мен нәтижелерін бекіту тәртібін белгілеу;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген шектерде, Конфедерацияның басқа заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін құруға немесе олардың қызметіне қатысуына қатысты шешімдер қабылдау;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да шешімдерді қабылдау.

**5.4. Президиум.**

5.4.1. Президиум 9 (тоғыз) мүшеден тұрады. Басқарма Төрағасы Президиумның тұрақты мүшесі болып табылады. Басқарма Төрағасының Президиум құрамындағы өкілеттіктері оның Басқарма Төрағасы лауазымындағы өкілеттіктері тоқтатылған кезде бір мезгілде тоқтатылады.

5.4.2. Президиум Төрағасы Қатысушылардың арасынан Съезде сайланады.

Президиум мүшелері Қатысушылардың өкілдері арасынан Президиум Төрағасының ұсынысы бойынша Съезде 5 (бес) жыл мерзімге сайланады. Президиум мүшесінің өкілетті Съезд шешімімен ұзартылуы мүмкін.

5.4.3. Съезд Президиум Төрағасы ұсынған Президиум мүшелігіне кандидаттарды бекітпесе, осы мәселені қайта қарау үшін 10 жұмыс күннен кешіктірмей Съездің кезектен тыс отырысы шақырылады.

5.4.4. Президиум мүшелерінің өкілеттігі келесі негіздер бойынша тоқтатылуы мүмкін:

- 1) Президиум мүшесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуы;
- 2) Президиум мүшесінің өз еркімен өкілеттігін тоқтатуы;
- 3) Сот үкімі заңды күшіне енген жағдайда, қылмыстық құқық бұзушылық жасауы (Съезд шешімі негізінде);
- 4) Конфедерацияға қасақана материалдық зиян келтіруі (Съезд шешімі негізінде).

5.4.5. Президиум құқықты деп танылады, егер оның отырысына мүшелерінің кемінде жартысы қатысса. Президиум шешімдері отырысқа қатысушылардың қарапайым көпшілік даусымен қабылданады, әрбір Президиум мүшесі бір даусқа ие. Дауыстар тең болған жағдайда, отырысты жүргізуші Президиум Төрағасының дауысы шешуші болып саналады.

5.4.6. Президиум Президиум Төрағасының бастамасымен, Президиум мүшелерінің, Басқарма Төрағасының немесе Конфедерация Қатысушыларының кемінде 1/3 бөлігінің талабы бойынша шақырылады. Бұл ретте отырыстың күн тәртібін Президиум Төрағасы айқындайды, бірақ отырысты шақыру бастамашылары ұсынған мәселелерді міндетті түрде енгізеді.

5.4.7. Президиум отырысын шақыру туралы хабарлама және оның күн тәртібі Президиум мүшелеріне отырыс күніне кемінде екі жұмыс күні қалғанда жеткізілуі тиіс.

5.4.8. Президиум отырысының хаттамасын жүргізуді ұйымдастыруды Басқарма Төрағасы қамтамасыз етеді. Отырыстың хаттамасына Президиум Төрағасы қол қояды.

**5.4.9. Президиумның айрықша құзыретіне мыналар жатады:**

1) Конфедерацияның Жарғысына және өзге де құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстарды дайындау, сондай-ақ оларды Съездің бекітуіне ұсыну;

2) Президиум қызметіне қатысты ішкі регламенттер мен рәсімдерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнамада көзделген стандарттарды әзірлеу және бекіту;

3) Қатысушылардың қызметін, соның ішінде олардың құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруды, жарналарды төлеу тәртібі мен мөлшерін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;

4) Конфедерацияның филиалдарын, өкілдіктерін, қорларын, кәсіпорындарын, өзге де ұйымдарын немесе оқшауланған құрылымдық бөлімшелерін құру туралы ережелерді бекіту;

5) Басқарма туралы ережені және оның құрамын қалыптастыруды бекіту;

6) Келесі мәселелер бойынша ұсыныстарды қалыптастыру және оларды Съездің қарауына енгізу:

– Конфедерацияның басқару органдарының құзыретін, ұйымдастырушылық құрылымын, қалыптастыру және өкілеттіктерін тоқтату тәртібін айқындау;

– Басқармасының қаржылық есептілікті ұсыну тәртібі мен мерзімділігін, сондай-ақ Тексеру комиссиясы жүргізетін тексерулердің тәртібін белгілеу;

– Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген шектерде, Конфедерацияның басқа заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін құруға немесе олардың қызметіне қатысуына қатысты шешімдер қабылдау;

7) Басқармасының бюджеті мен штаттық кестесін бекіту, сондай-ақ оның орындалуын бақылау;

8) Басқарма қызметін, соның ішінде қаржылық және ұйымдастырушылық қызметін тексеру туралы шешімдер қабылдау;

9) Тексеру комиссиясының мүшелерін сайлау бойынша ұсыныстарды дайындау және оларды Съезге енгізу;

10) Қатысушылардың келісімімен Конфедерация Қатысушыларының қатарына қабылдау және олардың құрамынан шығару туралы шешімдер қабылдау;

11) Қатысушыларды шығару туралы ұсыныстарды Съездің қарауына енгізу;

12) Конфедерацияның эмблемасын, рәміздерін және фирмалық стильдің басқа да элементтерін бекіту;

13) Съезд шешімдерінің орындалуын бақылау;

14) Конфедерацияның қаржылық және шаруашылық қызметіне аудит жүргізу туралы шешімдер қабылдау, соның ішінде аудиторлық ұйымдарды тағайындау;

15) Басқарма қалыптастыратын Қатысушылардың ұсыныстары мен шағымдары туралы жиынтық есептерді қарау және бекіту;

16) осы Жарғыда және Конфедерацияның ішкі құжаттарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

### **5.5. Президиумының төрағасы.**

5.5.1. Президиум Төрағасы Конфедерацияның жалпы басшылығын жүзеге асырады және оның жұмысын ұйымдастырады, сондай-ақ Конфедерацияны тиісті сенімхатсыз ел ішіндегі және шетелдегі кез келген мемлекеттік органдармен, қоғамдық және өзге де ұйымдармен қатынастарда танытады.

5.5.2. Президиум Төрағасы Съезде 5 (бес) жыл мерзімге сайланады. Төрағаның өкілеттік мерзімі Съезд шешімімен ұзартылуы мүмкін.

5.5.3. Президиум Төрағасы Қатысушылардың көпшілік даусымен сайланған деп есептеледі.

5.5.4. Президиум Төрағасы Съезге есеп береді және Съезд пен Президиум шешімдерінің орындалуына жауапты.

5.5.5. Егер Президиум Төрағасының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылса, оның міндеттерін жаңа Төраға осы Жарғыда белгіленген тәртіппен сайланғанға дейін Президиум мүшелерінің бірі атқарады.

#### 5.5.6. Президиум Төрағасы келесі өкілеттіктерге ие:

- 1) кезектен тыс Съезді, Конфедерация Президиумының отырыстарын шақырады және қабылданған шешімдердің орындалуын ұйымдастырады;
- 2) Съезд пен Президиум отырыстарының күн тәртібін қалыптастырады;
- 3) Президиумның жеке құрамына қатысты ұсыныстарды өзірлейді;
- 4) Президиум мен Басқарманың жұмысын үйлестіреді;
- 5) Басқарма Төрағасын лауазымға тағайындайды және оны қызметінен босату туралы шешім қабылдайды;
- 6) Съезд және Президиум шешімдеріне сәйкес Конфедерация қызметіне қатысты басқа да мәселелерді шешеді;
- 7) Президиум Төрағасының орынбасарын, оның ішінде Президиум Қатысушылары өкілдерінің қатарынан емес тұлғалардың ішінен тағайындайды;
- 8) Съезд, Президиум және Басқарма құзыретіне жатпайтын барлық басқа мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

#### 5.6. Басқарма.

5.6.1. Конфедерацияның атқарушы және тұрақты әрекет ететін алқалы органы Басқарма болып табылады.

5.6.2. Басқарма Съезге және Президиумға есеп береді, сондай-ақ осы Жарғының және Президиум бекітетін Басқарма туралы ереженің негізінде әрекет етеді

5.6.3. Басқарманы қалыптастыру тәртібі, оның сандық құрамы, құрылымы, мүшелерінің өкілеттік мерзімі, кандидаттарға қойылатын талаптар, сондай-ақ Басқарма құрамын қалыптастыруға байланысты өзге де мәселелер Президиум бекітетін Басқарма құрамын қалыптастыру туралы ережемен айқындалады.

5.6.4. Басқарманы Басқарма Төрағасы басқарады.

5.6.5. Басқарма Төрағасына бекітілген бюджет пен Басқарманың штаттық кестесіне сәйкес жалақы төленеді.

5.6.6. Басқарманың қызметін қамтамасыз ету үшін Басқарма Офисі құрылады, ол Басқарманың қызметін ұйымдастырушылық, талдамалық, сараптамалық, қаржылық-өкімшілік және ақпараттық сүйемелдеуді жүзеге асырады. Басқарма Офисі Конфедерацияның басқару органы болып табылмайды және Басқарма Төрағасының басшылығымен әрекет етеді.

#### 5.6.7. Басқарма Төрағасы:

1) сенімхатсыз Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және оның шегінен тыс Конфедерацияның мүддесі үшін және оның атынан әрекет етеді, мемлекеттік органдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, өзге де ұйымдармен және жеке тұлғалармен қатынастарда оның мүдделерін білдіреді;

2) банктік, қаржылық және өзге де құжаттарға бірінші қол қою құқығына ие, сондай-ақ Жарғыға және Басқарма туралы ережеге сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

3) Конфедерация атынан негізгі қызметке байланысты шарттар мен өзге де құжаттарды жасасады (қабылдайды);

4) Конфедерация қызметіне ағымдағы басшылықты жүзеге асырады;

5) Съезд, Президиум және Басқарма бекіткен құжаттар мен шешімдердің іске асырылуын қамтамасыз етеді;

6) Конфедерация бюджетінің жобасын дайындап, Президиумның бекітуіне ұсынады;

7) Конфедерацияның жылдық жұмыс жоспарларын жоспарлайды және олардың орындалуын ұйымдастырады;

9) мемлекеттік билік органдарымен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, өзге де мемлекеттік органдармен және мекемелермен, сондай-ақ үкіметтік емес, қоғамдық және халықаралық ұйымдармен конструктивті диалогты дамыту мен қолдауды қамтамасыз етеді;

10) осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Съезді дайындауды және өткізуді ұйымдастырады;

11) Конфедерацияның банктік шоттарын ашады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізуді және қаржылық және өзге де міндетті есептілікті жасауды ұйымдастырады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес статистикалық, бухгалтерлік және салықтық есептіліктің ұсынылуын қамтамасыз етеді;

13) Конфедерация Қатысушыларының тізілімін жүргізуді ұйымдастырады;

14) Конфедерация қызметінің қорытындылары, оның Съездерінің, Президиумының, Басқармасының және Конфедерацияның Тексеру комиссиясының жұмысы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының ашық ақпарат көздерінде орналастыруды қамтамасыз етеді;

15) Конфедерацияның жұмысын ұйымдастырады, штаттық кестені, лауазымдық жалақы мөлшерлерін қалыптастырады, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады, оларға қатысты көтермелеу немесе тәртіптік жаза қолданады;

16) Басқарма Төрағасының орынбасарларын тағайындайды және қызметтен босатады;

17) Конфедерацияның бас бухгалтерін тағайындайды және қызметтен босатады;

18) жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін қаржылық және материалдық қаражаттардың, оның ішінде халықаралық көздердің қосымша көздерін тартады;

19) Конфедерацияның өкілдіктерінің, филиалдарының және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

20) Конфедерацияның жоғары тұрған басқару органдарында қарау үшін қажетті материалдарды дайындауды қамтамасыз етеді;

21) Басқарма қызметіне қатысты Конфедерацияның ішкі құжаттарын бекітеді;

22) Конфедерация құжаттарын тіркеуді, есепке алуды және сақтауды қамтамасыз етеді;

23) ұлттық заңнамаға, осы Жарғыға және Конфедерацияның ішкі құжаттарына сәйкес Конфедерацияның қаражаты мен мүлкіне билік етеді;

24) осы Жарғыдан, Съезд пен Президиум шешімдерінен, Конфедерацияның ішкі құжаттарынан туындайтын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## **5.7. Тексеру комиссиясы.**

5.7.1. Конфедерацияның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізу үшін Съезд Қатысушылар өкілдерінің қатарынан үш жыл мерзімге Тексеру комиссиясының мүшелерін және оның Төрағасын сайлайды.

Тексеру комиссиясының құрамына Конфедерация Қатысушысының өкілі болып табылмайтын, бірақ Конфедерацияның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізу үшін қажетті білім мен тәжірибесі бар тұлға да сайлануы мүмкін.

5.7.2. Тексеру комиссиясы жылына кемінде бір рет тексеру жүргізеді және жылдық есеп бойынша қорытынды дайындайды, оны Президиумға ұсынады. Президиум қабылданған шаралар туралы Қатысушыларды хабардар етеді және есепті Съезде бекітуге ұсынады.

5.7.3. Қажет болған жағдайда қаржылық-шаруашылық қызметті бақылау кезінде Тексеру комиссиясы Президиум бекіткен тәуелсіз аудиторлық ұйымды тарта алады.

5.7.4. Басқарма Офисінің қызметкерлері, сондай-ақ Басқарма мен Президиум мүшелері Тексеру комиссиясының құрамына сайлана алмайды.

